

ISSN 1563-0285
Индекс 75873; 25873

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия международные отношения и международное право

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

International relations and international law series

№1 (73)

Алматы
«Қазақ университеті»
2016



ХАБАРШЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ СЕРИЯСЫ №1 (73)

ISSN 1563-0285
Индекс 75873; 25873



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Күәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

Журнал саяси, философиялық ғылымдар және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған // Докторлық диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдардың тізімі кіреді // ЖАК бюллетені, №3 1998; Нормативтік және методикалық материалдарын жариялайтын ғылыми басылымдар тізімі Қазақстан ЖАК төрағасының бұйрығы 26. 06. 2003, №433-3 // Нормативтік және методикалық материалдар жинағы №6 ЖАК

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Балаубаева Б.М.,

т.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Телефон: +77011839459

E-mail: binur77@mail.ru

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Мұтанов Ғ.М., бас редактор (Қазақстан)

Рамазанов Т.С., бас редактордың орынбасары (Қазақстан)

Шакиров К.Н., з.ғ.д., профессор – ғылыми редактор (Қазақстан)

Губайдуллина М.Ш., т.ғ.д., профессор – ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)

Айдарбаев С.Ж., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Алессандро Грасси Буцци, профессор Ла Сапиенза университеті (Италия)

Ауған М.Ә., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Байзақова Қ.Е., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Барбара Януш-Павлетта, т.ғ.д., PhD, ассистент-профессор (Германия)

Беата Эшмент, саяс.ғ.д., ассистент-профессор, Бремен университеті, Берлиндегі «Орталық Азиялық зерттеулер» атты неміс журналының бас редакторы (Германия)

Варико К., профессор, Дж.Неру университеті (Үндістан)

Грегори Глиссен, саяс.ғ.д., профессор Нью-Мехико университеті (АҚШ)

Елемесов Р.Е., э.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Ибрашев Ж.У., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Кукеева Ф.Т., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Макашева К.Н., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Машимбаева Г.А., з.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Мусабекова У.Е., ф.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Николас де Педро Домингуэз, профессор ассистенті Барселона институты (Испания)

Сабикинов С.Н., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Сәлімгерей А.А., з.ғ.к., доцент, Мемлекет және құқық институты (Қазақстан)

Шабаль П., PhD, профессор (Франция)



Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гульмира Шаккозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева, Қарлыға Ибрагимова

Компьютерде беттеген:

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мәлдір Өміртайқызы

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ №9205

Басуға 25.03.2016 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 22,6 б.т. Офсетті қағаз.

Сандық басылыс. Тапсырыс №827. Таралымы 500 дана.

Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

Оңдаш А.О., Мырзатаев Е.К.

Халықаралық валюталық қордың жаһандық реттеу жүйесіндегі рөлі

Мақалада жаһандық реттеу жүйесіндегі Халықаралық Валюталық Қордың рөлінің өзгерісі қарастырылады. Халықаралық қауымдастық жаһандық институттарды реформалау қажеттігін мойындап, жаңа қауіп-қатерлер алдында халықаралық ынтымақтастықты нығайту керектігіне көз жеткізді. Бреттон-Вудс конференциясынан бері жаһандық экономикада түрлі сипаттағы дағдарыстар болып өтті, және оларды реттеудегі Халықаралық Валюталық Қордың қызметі тиімді бола бермеді. Ұйымның жүргізген саясаты үнемі сынға ұшырап, жасаған шаралары несиеленуші мемлекеттердің экономикалық мәселелерін керісінше күрделендіріп, халықаралық аренада Қорға деген сенімділік төмендеп отырды. XXI ғасырда әлемдік экономиканың жаңа қауіп-қатерлері G20 тобы, Қаржылық Тұрақтылық Кеңесінің құрылуына себеп болды. Авторлар қаржылық реттеу мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге жауапты халықаралық ұйымдардың қызметі күшейтілген жағдайында жаңа қауіп-қатерлерді еңсеруде Қордың жаһандық реттеу жүйесіндегі жаңа рөлін анықтауға тырысады.

Түйін сөздер: әлемдік экономика, ХВК, жаһандық реттеу жүйесі, G20, Қаржылық Тұрақтылық Кеңесі.

Ongdash A., Myrzataev E.

The role of the International Monetary Fund in the system of global regulation

The article considers the changing role of the International Monetary Fund in the system of global governance. The international community has recognized the necessity for reform of global institutions, and make to strengthen international cooperation to new global challenges and threats. After the Bretton Woods conference, the global economy experienced a crisis of a different nature and the actions of the International Monetary Fund has not always been effective. The policy of the Fund is constantly criticized and led to the aggravation of problems in the lending of states, which significantly undermined the credibility of the organization in the international arena. New challenges and threats in the global economy of the XXI century led to the creation G20, the Financial Stability Board. Authors try to determine the new role of the IMF in addressing global problems in the system of global governance in the conditions when there is a redistribution of functions in the regulatory system.

Key words: the world economy, the IMF, the system of global governance, G20, Financial Stability Board.

Оңдаш А.О., Мырзатаев Е.К.

Роль Международного валютного фонда в системе глобального регулирования

В статье рассматривается изменяющаяся роль Международного Валютного Фонда в системе глобального регулирования. Международное сообщество признало необходимость реформирования глобальных институтов и убедилось в укреплении международного сотрудничества перед новыми глобальными вызовами и угрозами. После Бреттон-Вудской конференции глобальная экономика пережила кризисы разного характера, и действия Международного Валютного Фонда не всегда была эффективными. Политика Фонда постоянно подвергалась критике и приводила к усугублению проблем в кредитруемых государствах, что существенно подорвало доверие к этой организации на международной арене. Новые вызовы и угрозы в мировой экономике XXI века привели к созданию G20, Совета Финансовой Стабильности. Здесь авторы стараются определить новую роль МВФ в системе глобального регулирования в условиях, когда идет перераспределение функции в регулирующей системе.

Ключевые слова: мировая экономика, МВФ, система глобального регулирования, G20, Совет Финансовой Стабильности.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТАЛЫҚ ҚОРДЫҢ ЖАҒАНДЫҚ РЕТТЕУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Қазіргі таңда жаһандық экономика 2007–2010 жылдардағы қаржылық дағдарыстан әлемдік экономикалық дағдарысқа ауысып, шиеленісіп келеді. Әлемдік экономиканың мұндай жағдайға тап болуы, ең алдымен халықаралық қатынастардың «дағдарысынан» болып отыр. Бұл құбылыстар әлемдік экономикалық жүйенің нәзіктігін көрсетіп, әлемдік экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету жолында халықаралық қауымдастықтың бірауыздан келісілген саясаттың жүргізілу қажеттігін айқындап беруде.

Қаржылық дағдарыс салдарын еңсеруде «G20 тобы» мен Халықаралық валюталық қор (ХВҚ) маңызды рөл атқарды. ХВҚ мүше-мемлекеттер арасындағы валюталық-несиелік қатынастарды реттеуге, олардың валюталық қиыншылығы жағдайында қаржылық көмек көрсетуге арнайы құрылған, БҰҰ-ның мамандандырылған халықаралық ұйымы болып табылады [1]. ХВҚ БҰҰ-ның Бреттон-Вудс (АҚШ) Халықаралық валюта-қаржылық конференциясында құрылып, ұйым қаулысының рөлін атқаратын келісім баптары қабылданды. 1944 жылы құрылған қор өз қызметін іс жүзінде 1946 жылдың мамырында бастады [2]. Қордың құрылуы Бреттон-Вудс әлемдік экономикалық жүйесінің қалыптасуына әкеліп, оның негізіне айналды.

Бреттон-Вудс жүйесі құрылғанынан бастап, 1970 жылдарға дейін елдердің әл-ауқаты өсіп, әлемдік экономиканың және сауданың қарқынды дамуына әкелді. Алайда, технологиялардың дамуы мен жаһандық қаржылық жүйесінің күрделенуі ХВҚ кемшіліктерін көрсетті. ХВҚ қабылдаған тіркеулі ақша айырбас жүйесі ескірді. Ғылыми-техникалық үдеріс нәтижесінде ХВҚ өзінің есептеулерінде ҚААҚ (қарыз алудың арнайы құқығы) резервтік құралын енгізіп, 1973 жылы тіркеулі айырбас жүйесінен бас тартты. Бұл әлемдік экономиканың құбылмалылығын арттырып, экономикалық өсудің, сауда, инвестициялардың тұрақсыздығына ықпал етті. Капитал, тауар қозғалысының жиіленуі макроэкономикалық бақылауды күрделендірді [3].

Осыдан, көптеген сарапшылар ХВҚ құрылымын реформалау қажеттілігі туды деген пікірге келді. Сауда, қаржылық саланың қарқынды дамуынан қалмас үшін, ХВҚ өз құрылымын жаңарту мақсатында біршама шараларды жүзеге асырды. Алайда, мамандар бұл шамалы өзгерістердің жеткіліксіздігін алға тартты. ХВҚ-

ында квота жүйесінің әділетсіздігі, оның әлемнің жетекші елдерінің мүддесіне қарай жұмыс істеуі, ұйымның легитимділігіне сенімсіздік, күмән келтіреді. ХВҚ және Әлемдік банк біріге отырып, дамушы елдерге қатысты ұсыныстар саясатын жүргізіп отырды, мемлекеттер өздерінің даму деңгейіне қарамастан осы ұсыныстар негізінде нарықтарын ашуға міндеттенді. Бұл батыстық корпорациялардың еркін кіріп, жергілікті өнеркәсіптер өндірісінің жойылуына дейін алып келді. Мұның нәтижесінде ел ішінде кедейшілік күшейіп, әлеуметтік теңсіздік ұлғайды. Сынаушы мамандар ХВҚ-ды әлем бойынша сауда барьерлерін жоюға, өздерінің мүдделерін жүргізетін, батыстың бай елдерінің құралы ретінде қарастыратын болды.

1990 жылдарда Мексика, Аргентина, Шығыс Азия, Ресейдегі қаржылық дағдарыстардан кейін қор жұмысына сын айтушылар көбейіп, реформаның қажеттілігі жиі айтыла бастады. ХВҚ ұсыныстарының кейбір жағдайларында бұл мемлекеттегі дағдарыс керісінше күшейіп кетті [6]. Сын айтушылардың көбеюінен кейін, ХВҚ ХХІ ғасыр басында ұстамды саясат жүргізуіне тура келді. Қорға деген сенімділік жоғала бастап, оның несиелеу бағдарламалары сұраныстан қалды. Мұның салдарынан ХВҚ жағдайы ауырлап, ресурстары азайып, жойылуына алғышарттар жасалған болатын.

Алайда, сарапшылардың пікірі ортақ болды: экономикалық және қаржылық тұрақтылыққа жауап беретін жаһандық халықаралық институттың қажеттілігі бар. Алдымен, институтты реформалау қажеттігі 2008 жылдың қаржылық-экономикалық дағдарысы ұйымның әлсіз тұстарын көрсеткенінен кейін, көрініп, өзектілігі артты. ХВҚ реформасының бастамасын «G20 тобы» көтерді. Бүгінде «G20 тобы» – әлем халқының $\frac{3}{4}$ бөлігі өмір сүретін, әлемдік ЖІӨ 90% өндіріп, әлемдік сауданың 80% жүзеге асыратын, ЕО пен әлемнің ең ықпалды 19 мемлекетін біріктіретін, бейформалды халықаралық ұйым [10].

«G20 тобының» саммиттері жаһандық реттеу жүйесін қайта қарау қажеттігінен, жиналып қалған, шиеленіскен жаһандық проблемаларды шешу мақсатында ұйымдастырылып, халықаралық экономикалық институттардың әлемнің қаржылық реттеу функцияларын қайта бөлуді қарастыратын болды.

Қаржылық дағдарыс ХВҚ мен «G20 тобының» алдына бірнеше маңызды мәселелер қойды: біріншіден, олар институционалдық ортаны құру, екіншіден, әлемдік валюталық дисбалансты жойып, әлемдік экономиканың тұрақтылығын қалыптастыратын құралдарды табу.

«G20 тобы» мен ХВҚ ұзақ мерзімді тұрақтылықты ұстап тұруда, сондай-ақ, жаһандық масштабтағы қауіп-қатермен күресуде әлемдік қауымдастықты біріктіруде шешуші рөл атқаратын мүмкіндігі бар. Қазіргі таңда, ХВҚ-дың жаһандық реттеу жүйесінде үйлестіруге қатыса алатын проблемаларға келесілерді жатқызуға болады: кедейшілік, халықтың табыс алу деңгейінің алшақтығы, жердің жылынуы, табиғи ресурс қорларының азаюы, эпидемиялар, халық санының өсуі, сонымен қатар, гуманитарлық, техногенді, әлеуметтік, стихиялы апаттар.

Еуропа елдері ХВҚ қызметінде ерекше маңызды рөл атқарып келеді. ЕО жетекші елдері ұйымда үлкен дауысқа ие. ЕО мүше-елдерінің квотасы 30,3% құрайды, бұл ХВҚ-дың жүргізіп жатқан экономикалық саясатына ықпал етуге мүмкіндік береді [1]. Еуропалық елдер Қордың ірі акционерлері болып табылады, сонымен бірге, ұйымның өкімші-директоры, яғни жетекшісіне дәстүрлі түрде еуропалықтарды тағайындайды.

ХВҚ, өз кезегінде, Еуропаның әлемнің дамыған аймағының біріне айналдыруда маңызды рөл атқарды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, Бреттон-Вудс қаржылық жүйесі еуропалық елдердің экономикалық жағдайын қайта қалпына келтіруде басты факторлардың бірі болды. Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі мен Халықаралық Валюталық Қордың көмегімен Еуропа елдері қажетті кредиттерді алып, құлдыраған экономикаларын көтере алды. ХВҚ Еуропа үшін маңызды халықаралық валюталық-несиелік қатынастардың орталығына айналды. Бұл кезеңде ХВҚ-дың басты мүддесі төлем баланстарын ретке келтіріп, несиелерді жеткізіп отыру еді [5]. Барлық дерлік батыс еуропалық мемлекеттерде жоғарғы қарқынды экономикалық өсу ұзақ мерзімге сақталды. 1980 жылдарға дейін ХВҚ басым жағдайда Еуропа елдерін несиелендіріп тұрды. 1990 жылдардың басында шығыс еуропалық мемлекеттердің жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға ауысуына байланысты, ХВҚ қызметіне сұраныс пайда болып, көмегіне жүгінді. ХВҚ өтпелі экономикалы елдерді несиелендіріп, қажетті техникалық көмекпен қамтамасыз етіп, қаржы министрліктері мен орталық банктеріне білікті мамандарды жеткізіп отырды. ЕО даму тарихы барысында ХВҚ еуропа кеңістігінде валюталық-қаржылық реттеуді жүргізіп келді. ЕО елдерінің экономикалық үйлестіру жұмыстарының нәтижесінде ортақ нормалар, ережелер, еуропалық экономикаларының функциялау стандарттары қабылданды, жаңа тұ-

рақты «еуро» – валютасы құрылды. ЕО-тың әрі қарай кеңеюіне база қалыптасты.

ХВҚ қаржы дағдарысынан кейін де еуроинтеграциялық үдерісі кезінде қаржылық қиындықтарға душар болған Еуропа елдеріне көмегін жалғастырып келеді. 2009 жылдан бері Греция, Испания секілді бірқатар еуропалық елдердің қарыздық проблемалары өзекті болып отыр [5]. ЕО мен ХВҚ-дың жұмыстарына қарамастан, бұл елдердің экономикалары ауыр қалпында қалып, рецессиялық үрдістер жүріп жатыр.

Дегенмен, ЕО елдер экономикаларының сапалық құрамдасы, ондағы әлемдік экономикалық және валюталық-қаржылық жүйелердегі еуроның резервтік валюта есебінде жүруі, әлемдік экономика мен қаржы саясатындағы ЕО ықпалы «G20 тобында» да жетекші рөлді алуына жағдай жасап отыр [8]. ЕО-тың «G20 тобындағы» ортақ мүддесі қаржылық жүйенің халықаралық реттеуді күшейту, экономикалық өсуді ынталандыратын қаржы секторының тиімділігін арттыру, жұмыс орындарын ашу, бәсекелестікті арттыруды көздейді [9]. Бұдан жаһандық реттеу жүйесінде батыс елдерінің орны ерекше болатынын көруге болады.

Дағдарыс әлемдік экономиканы, қаржылық нарықтарды әлсіретіп, әлемдік қауымдастыққа жаһандық қаржылық жүйені түбегейлі реформаға кірісуіне әкелді. Қалыптасқан жағдай ХВҚ-дың қызметіне жаңаша көзқарас танытты. «G20 тобы» әлемдік қауымдастықтың ХВҚ реформасын және жалпы қаржылық жүйенің реформасын жүргізетін басты форумға айналды. 2008 жылдың 15 қарашасында Вашингтон қаласында «G20 тобының» саммиті болды, онда алғаш рет қатысушы мемлекеттердің және үкіметтерінің басшылары қатысты. Саммиттің басты тақырыбы – әлемдік қаржылық нарықтың, қаржылық жауапкершіліктің және тұрақты реттеудің мөлдірлігін жоғарылату болды.

Саммиттің нәтижесінде мемлекет басшылары қаржылық нарықтардың көлеңкелілігін төмендету, ақпараттардың ашықтығы, реттеудің тұрақты және баламалылығын қамтамасыз ету, бақылау мен тәуекелдерді басқаруды дамыту, реттеуші органдардың халықаралық ынтымақтастығын дамыту, халықаралық қаржылық институттардың реформалау жұмыстарының қажеттігі жөнінде келісімге келді.

Бұдан былай институттардың реорганизациясы әлемдік экономикадағы күштердің бөлінісіне сай жүруі қажет. Дамушы елдер өздерінің мүдделерін білдіруге мүмкіндіктері болады. Әлемдік экономиканың қалпына келуін, ондағы

қаржылық нарықтарды реттеуді тиімдірек бағытына әкелетін шараларды қамтитын жоспар келісілді. Қорытынды құжатта, сонымен бірге, кредиттік агенттіктердің қызметін реттейтін, бухгалтерлік есептердің стандарттарын жақындататын, қаржылық заңнамаларды күшейту және ХВҚ-ына қаржылық тұрақтылықты қалпына келтіру үшін арнайы ресурстар мен жауапкерліктерді жүктейтін келісімдер белгіленді [1].

«G20 тобының» саммиті ХВҚ ресурстарын көбейтуіне мүмкіндік берді. Қордың саясатына да өзгерістер енді. ХВҚ жаңа икемді кредиттік линияларын ашып, тиімсіз бағдарламаларынан бас тартты. ХВҚ қызметіндегі өзгерістерге қарап, дамушы елдердің Қорға деген қатынасы дұрысталып, жаңа жұмсартылған кредиттік бағдарламаларды Мексика, Польша мемлекеттері пайдалана бастады.

2009 жылы әлемнің «жетекші 20 экономикалы елі» кезекті саммитті Лондон қаласында өткізді. Бұл жылы дағдарыс қарқыны бәсеңдей қойғанымен, тереңдеп, кеңейе түсті. Саммиттің күн тәртібінде бес басты мәселе тұрған болатын: қаржылық нарықтардың жұмысын бақылау, экономикалық өсуді ынталандыру, халықаралық қаржылық институттарды нығайту, бүкіләлемдік сауданы қолдау, кедей елдерге көмек. Саммиттің нәтижесінде ХВҚ-ының қаржылық және функциялық мүмкіндіктері кеңейді. Оған мониторингтік функциялар жүктеліп, оның бақылау құралдарын жетілдірді. Пікір алмасу соңында қаржылық жүйені нығайту, халықаралық қаржылық жүйе арқылы қажетті ресурстарды бөлу жайында екі жақты декларациялар қабылданды. Сондай-ақ, ХВҚ-дың алғашқы облигацияларын эмиссиялайтынын мәлімдеді. Инвестор-мемлекеттер үшін облигациялар стандартты қарыздардың альтернативасы ретінде шетелдік резервтік активтер бола алады. ХВҚ-ының күн тәртібіндегі маңызды мәселелерінің бірі Қордағы дауыстардың қайта қарастыруы қалды. 2009 жылдың қыркүйек айында Питтсбургте өткен «G20 тобының» саммитінде квоталарды қайта қарастыру мәселесі көтерілді, онда дамушы елдерге қосымша 5% бөліп, олардың ұйым ішіндегі ықпалын жоғарылату мақсат етілген болатын [4].

Себебі, ХВҚ-ының жаһандық реттеу жүйесінде проблемаларды шешуіне тиімді қатысуы тікелей ұйым ішіндегі дауыстар санының әділ үлестірілгенінде болып отыр.

Жыл сайынғы G20 тобының жиналыстарында күн тәртібіне қойылған басты мәселелердің ондығына кіретін ХВҚ реформасы болатын. Алайда, Қордың реформасы бір орнынан жыл-

жуы ұзақ мерзімді алып отыр. Әсіресе, ХВҚ «квоталарының 14-ші түзетулер» мәселесі 2010 жылы Қордың директорлар кеңесінде шешім қабылданып, ХВҚ Жарғысына сәйкес қатысушы-мемлекеттердің көпшілігі ратификациялағанымен, ұйымның басты акционері – АҚШ әлі күнге дейін бекіткен жоқ.

Егер бұл квоталардың қайта түзетулері толық бекітілетін болса, ХВҚ капиталы екі есе өседі. Яғни, мүше-мемлекеттер квотаның жаңа қарастырылуына қарай, қосымша жарна салатын міндеттеме алады.

Халықаралық валюталық қорда дауыс санының «таразыланған» қағидасы жұмыс істейді, шешімдер тең дауыстар көлемімен емес, ірі «донорлар»-дың бақылауымен қабылданады. Әдетте, Басқарушылар Кеңесінде шешімдер қарапайым дауыстың көптігімен (жартысынан кем емес), ал маңызды, оперативті, стратегиялық сипатты мәселелерді қарастырғанда, – «арнайы көптікпен» (сәйкесінше, мүше-елдердің 70% немесе 85% дауыс) қабылданады. Батыстың жетекші елдерінің мүдделеріне қарай, қазіргі Жарғыда ХВҚ-дың құрылуында тоғызға қарсы 53 сұрақ белгіленген. 1970 және 1980 жылдардағы АҚШ пен Еуропалық Одақ (ЕО) дауыстарының салыстырмалы салмағы шамалы азайғанына қарамастан, олар максималды көптікті (85%) қажет ететін Қордың түйінді шешімдерін қарауда veto құқығын пайдалана алады [14].

АҚШ пен батыс альянсының соммасы 50% аса дауысқа ие, яғни, Қытай, Үндістан, Ресей, Латиноамерикандық және ислам мемлекеттердің дауыстарының жиынтықтарынан басым. Бұдан, алғашқылар шешім қабылдауда монополиялық рөл атқарады. Егер маңызды стратегиялық мәселелер, соның ішінде, ХВҚ-ды реформалау сұрақтары қозғалған кезде, тек АҚШ-да veto құқығы бар (15%-дан жоғары) [14].

Егер ұйым ішіндегі үлестерді қайта қарастыратын болса, АҚШ veto құқығынан айырылып, БРИКС елдерінің Қордың стратегиялық шешім қабылдауында ықпалы өседі деген сөз. Қазіргі күні БРИКС үлесі 11,5%-ды құрайды. БРИКС елдерінің әлемдік ЖІӨ-нің 31%-ын алатынын ескеретін болсақ, бұл Қордағы үлесі тым аз екенін байқауға болады.

ХВҚ реформасының жүруі осы квоталарды реттеуден басталатыны анық болып отыр. Егер 14-ші квоталардың қайта қарастырылуы бекітілетін болса, квоталарды есептейтін жаңа формулаға байланысты, жаһандық реттеу жүйесіндегі мәселелердің шешімі өзгеріс табады. Мысалы, Украинаға 17,5 млрд. долл. несиесі бойынша

ХВҚ директорлардың шешімі оң болмас па еді. Бұның астарында Украинаның Ресейге 3 млрд. доллар көлеміндегі қарызы, және тағы басқа халықаралық қатынастардағы мәселелердегі шешімдер басқаша болар ма еді [9].

Әр бес жыл сайын қарастырылатын квоталардың түзетулері 2015 жылдың 31 желтоқсан күнінде «квоталардың 14-ші қайта қарастырылуының» өз күшіне ену мерзімі аяқталады. Жаңа 2016 жылдан бастап, «квоталардың 15-ші қайта қарастырылуы» басталуы қажет болады. Бұл үрдістер ХВҚ реформасының жағдайын шиеленістіріп жібереді. Квоталарды есептейтін жаңа формуланың да қабылдануы шегеріліп, ХВҚ реформасының мерзімі тағы ұзаратын болады.

Біздің пікірімізше, мұндай үрдістер салдарының екі сценарийі болмақ. Біріншісі, әлемдік экономикада жаһандық мәселелерді үйлестіруде АҚШ өз ықпалынан айырылғысы келмесе, ХВҚ реформасының шегерілуіне ынталы болып отырады. Екіншісі, БРИКС елдері «БРИКС жаңа даму банкі» және «Инфрақұрылымдық инвестициялар Азия банкі» арқылы жұмыс жасап, әлемдік экономикада өз саясатын жүргізетін болады. Екінші сценарий онсызда басталып кетті. АҚШ түпкілікті ұтымсыз жағдайда қалмас үшін, ХВҚ реформасы баяу да болсын, атсалысуы қажет. Батыстың дамыған мемлекеттері мұны оң бағалайтыны анық. БРИКС мемлекеттерінің жаңа халықаралық қаржылық институтына «ХВҚ-дың баламасы» деген бағасын берген әлемдік сарапшылар да жоқ емес.

Халықаралық валюталық-қаржылық жүйесінде 70 жылдық тарихы бар ХВҚ-дың тәжірибесі жоғалмауы керек. Әлемдік экономикалық дағдарыспен күресуге дайын болуы үшін, ХВҚ-ының реформасы бір орыннан жылжуы қажет.

ХВҚ реформасының келешегінің алғышарты ретінде 2015 жылдың 30 қарашасында Қытайдың «юань» валютасы SDR қоржынына қосылуын айтуға болады. Бұл юань ресми әлемнің 5-ші резервтік валютасына айналды деген сөз. Қытай бұрыннан осыған мүдделі болған. Алайда, ХВҚ юаньнің еркін конвертацияға түспейтініне байланысты, валюталық қоржынға қоспай келген. 2014 жылы сыртқы сауда-саттықтың 25%-ы юаньмен жасалып, 2015 жылы бұл көрсеткіш тағы 5%-ға өскен [11]. Қытай валютасының ХВҚ валюталық қоржынына қосылуы ХВҚ реформасына бетбұрыс болады деген сенім білдіреді.

Әлемдік экономикадағы жаһандық мәселелерді үйлестіру механизміне тікелей қатысушы Қаржылық Тұрақтылық Кеңесі (Financial Stability Board, FSB) болып табылады. Бұл инсти-

тут 2009 жылы Лондон қаласында өткен саммиті барысында Қаржылық Тұрақтылық Форумының (1999 жылдан бері жұмыс істеді) негізінде құрылды. Ұйымның негізгі мақсатына әлемдік қаржылық тұрақтылықтың әлсіз тұстарын анықтап, осы салада бақылау және реттеу саясатын ұстануын айтуға болады [12].

Бастапқыда ҚТК-нің функциялары өзге ұйымдардың қызметтерімен ұқсас болатын. Мәселен, ХВҚ-ының экономикалық комитеттері дағдарыстың мерзімі мен масштабын болжай алмағандығынан сынға алынып, бұл функцияны G20 тобы өз алдына қойған міндеттерді орындайтын атқарушы орган ретінде тағайындалған ҚТК-іне берілді. ҚТК күзіреттілігіне мандатқа сәйкес, ХВҚ-ының макропруденциялық қадағалау функциясы өтті. Сонымен қатар, Қаржылық Тұрақтылық Кеңесі «көлеңкелі» банк жүйесіне әсер етуші шараларды анықтайтын функциялар, ондағы деривативтер нарығы (ағылшын тілінен, derivative – шарт, контракт) мен қаржылық ақпараттардың айырбасын ұйымдастыру қызметімен де айналысатын болды [13].

Қаржылық Тұрақтылық Кеңесінің экономикалық реттеу және қаржылық қадағалау қызметі саясатына кіретін келесі функциялар ХВҚ-ының жаһандық реттеу жүйесіндегі орнын көрсетіп, жаңа рөлін анықтай түседі. ҚТК-інің мұндай функцияларына «халықаралық қаржылық ұйымдардың рөлі мен олардың қадағалау мен реттеуге қатысудағы маңызын анықтау», «ұлттық экономиканы реттеуші институттар мен халықаралық қаржылық ұйымдардың өзара әрекетін үйлестіру» кіреді.

Жаһандық реттеудегі қаржылық реттеудің реформасы халықаралық қаржылық институт-

тардың басты мәселесі болып отыр. Ал Кеңестің мұндағы рөлі артып келеді.

Қаржылық дағдарыстың салдарынан қаржылық реттеу мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге жауапты халықаралық ұйымдардың қызметі күшейтілді. Халықаралық қауымдастық жаһандық институттарды реформалау қажеттігін мойындап, жаңа қауіп-қатерлер алдында халықаралық ынтымақтастықты нығайту керектігіне көз жеткізді. ХВҚ құрылғанынан бері жаһандық реттеу жүйесінде түрлі сипаттағы дағдарыстарды өткергенімен, оларды реттеудегі қызметі тиімді бола бермеді. Ұйымның жүргізген саясаты үнемі сынға ұшырап, жасаған шаралары несиеленуші мемлекеттердің экономикалық мәселелерін керісінше күрделендіріп, халықаралық аренада Қорға деген сенімділік төмендеп отырды. Алайда, 2008-2010 жылдарда басталған реформалардың көмегімен ХВҚ саясатының өзгеруі, оның жаһандық реттеудегі жаңа рөлі әлемдік қауымдастық үшін қажетті беделді ұйымға қайта айналуға мүмкіндігі бар. Әлемдік экономиканың қазіргі шиеленіскен жағдайында жаңа экономикалық қалыпқа бейімделіп, жаһандық қауіп-қатерлерге төтеп бере алатын әлеуетін тиімді пайдалану қажет. ХВҚ алдында мүше-мемлекеттердің қарыздық мәселелері, кедейшілік, табыстың теңсіздігі секілді проблемалар әлі де өзекті. Әлемдік экономиканың даму қарқынының төмендеуі мен қатар жаһандық мәселелермен күресу жолында «G20 тобы» және жаһандық реттеуге қатысушы халықаралық институттардың ішінде, Халықаралық Валюталық Қордың маңыздылығы тек артады. Жаһандық реттеу жүйесінің дамуы «G20 тобы» мен ҚТК, ХВҚ қабылдаған шешімдеріне байланысты жүретін болады.

Әдебиеттер

- 1 Бородулина Л.П. Международные экономические организации // Магистр. – 2012. – 366 с.
- 2 Авагян Г.Л., Вешкин Ю.Г. Международные валютно-кредитные отношения // Магистр. – 2012. – 703 с.
- 3 Богатуров А.Д., Аверков В.В. История международных отношений 1945–2008 // Аспект пресс. – 2010. – 520 с.
- 4 Franz Spiegel J. The G-20 and the IMF revisited: reforming global economic governance // Webster University. – 2010. – 128 p.
- 5 Зуев В.Н. Глобальное экономическое регулирование // Магистр. – 2012. – 574 с.
- 6 Фонд «Бюро экономического анализа». Реформирование мировой финансовой архитектуры: роль МВФ и интересы России. – 2000. – 28 с.
- 7 Смыслов Д.В. Реформирование Международного валютного фонда: проблемы и решения. Регулятивные аспекты // Деньги и кредит. – 2012. – № 1. – 43 с.
- 8 Группа двадцати и ЕС // <http://www.alleuropa.mgimo.ru/gruppa-dvadsati-i-evropeyskiy-soiuz>
- 9 Катасонов В. Саммит G20 и судьба МВФ. – 17.11.2015 // <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1447743480>
- 10 About G20. – 27.11.2015 // <http://www.g20.org/English/aboutg20/index.html>
- 11 IMF's Executive Board Completes Review of SDR Basket, Includes Chinese Renminbi. Press Release No. 15/540. – November 30, 2015 // <http://www.imf.org/external/np/sec/pr/2015/pr15540.htm>

12 Charter of the Financial Stability Board – June 2012 // <http://www.fsb.org/wp-content/uploads/FSB-Charter-with-revised-Annex-FINAL.pdf>

13 Сильвестров С.Н. Совет по финансовой стабильности как четвертая опора глобальной финансовой системы / Вестник Финансового университета, 2014. – № 6. – 84 с.

14 Деева М.В. Роль МВФ в финансовой системе мира: Политические измерения мировых финансовых кризисов. – 27 июля 2013 // <http://rusrand.ru/analytics/rol-mvf-v-finansovoj-sisteme-mira>

References

- 1 Borodulina L.P. Mezhdunarodnye jekonomicheskie organizacii // Magistr. – 2012. – 366 s.
- 2 Avagjan G.L., Veshkin Ju.G. Mezhdunarodnye valjutno-kreditnye otnosheniya // Magistr. – 2012. – 703 s.
- 3 Bogaturov A.D., Averkov V.V. Istorija mezhdunarodnyh otnoshenij 1945–2008 // Aspekt press. – 2010. – 520 s.
- 4 Franz Spiegel J. The G-20 and the IMF revisited: reforming global economic governance // Webster University. – 2010. – 128 p.
- 5 Zuev V.N. Global'noe jekonomicheskoe regulirovanie // Magistr. – 2012. – 574 s.
- 6 Fond «Bjuro jekonomicheskogo analiza». Reformirovanie mirovoj finansovoj arhitektury: rol' MVF i interesy Rossii. – 2000. – 28 s.
- 7 Smyslov D.V. Reformirovanie Mezhdunarodnogo valjutnogo fonda: problemy i resheniya. Reguljativnye aspekty // Den'gi i kredit. – 2012. – № 1. – 43 с.
- 8 Gruppa dvadcati i ES // <http://www.alieuropa.mgimo.ru/gruppa-dvadsati-i-evropeyskiy-soiuz>
- 9 Katasonov V. Sammit G20 i sud'ba MVF. – 17.11.2015 // <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1447743480>
- 10 About G20. – 27.11.2015 // <http://www.g20.org/English/aboutg20/index.html>
- 11 IMF's Executive Board Completes Review of SDR Basket, Includes Chinese Renminbi. Press Release No. 15/540. – November 30, 2015 // <http://www.imf.org/external/np/sec/pr/2015/pr15540.htm>
- 12 Charter of the Financial Stability Board – June 2012 // <http://www.fsb.org/wp-content/uploads/FSB-Charter-with-revised-Annex-FINAL.pdf>
- 13 Sil'vestrov S.N. Sovet po finansovoy stabil'nosti kak chetvertaya opora global'noy finansovoy sistemy / Vestnik Finansovogo universiteta, 2014. – # 6. – 84 s.
- 14 Deeva M.V. Rol' v finansovoy sisteme mira: Politicheskie izmerenie mirivyh finansovyh krizisov. – 27 iulya 2013 // <http://rusrand.ru/analytics/rol-mvf-v-finansovoj-sisteme-mira>

<i>Букенбаев Р.М., Ахметов Е.Б.</i> Из истории становления международной системы защиты прав человека (Часть I).....	122
<i>Трофимова Т.А., Сылкина С.М.</i> Роль Пекинской конвенции о борьбе с незаконными актами в обеспечении международной авиационной безопасности.....	128
<i>Altynbekkyzy A., Jexenbayev R.</i> Consideration of state development programs and Riyadh guidelines regarding the issues of juvenile delinquency	134
<i>Даркенбаев А.И. Дауренбекова А.А.</i> Медиа саласындағы халықаралық стандарттар	138
<i>Saparova E.S., Omirzhanov Ye. T.</i> Religious extremism and terrorism in the Internet – space: the current challenges and Kazakhstan experience of counteraction	144
<i>Жетібаев Н.С.</i> Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісінің кейбір ерекшеліктері	148

4-бөлім Раздел 4
Әлемдік экономика Мировая экономика

<i>Медуханова Л.А., Жанғалиева Қ.Н.</i> Әлемдегі төмен дамыған елдер тобы: артта қалу себептері мен мәселелерін шешу жолдары.....	154
<i>Елемесов Р.Е., Мирзалиева С.С.</i> Мировое производство органической продукции: проблемы и перспективы	160
<i>Оңдаш А.О., Мырзатаев Е.К.</i> Халықаралық валюталық қордың жаһандық реттеу жүйесіндегі рөлі.....	166
<i>Андросенко Е.Ю., Мырзахметова А.М.</i> Тенденции развития Интернет-маркетинга в Казахстане	174
<i>Калиева С.А., Малтабаров А.А.</i> Техническое и профессиональное образование как фактор развития рынка труда в Казахстане.....	180
<i>Чуланова З.К., Алимбетова Ж.С.</i> Қазақстан экспортының бәсекеге қабілеттілігін арттыруды зерттеуге әдістемелік тәсілдемелер.....	188
<i>Makhmedzhanova L.N., Dabylytaeva N.E.</i> The dynamics of GDP growth in Kazakhstan	198
<i>Багаева Н.У., Иманғалиева С.</i> Еуразиялық экономикалық одақта Еуропалық одақ тәжірибесін қолдану мүмкіндіктері.....	204
<i>Тауасарова А.Қ.</i> Тауар нарықтары конъюнктурасының экономикадағы жүйесін саралау	210

5-бөлім Раздел 5
Оқыту әдістемесі Методика преподавания

<i>Балаубаева Б.М., Мовкебаева Г.А.</i> Студенттік-орталықтандырылған білім алу жағдайындағы магистранттардың білімін бағалау әдістері	218
<i>Абдуллина З.А., Ахметалиева Г.</i> Студент бойындағы тілдік құзыреттілікті дамыту жолдары	224
<i>Муртаза А.Ш.</i> Современные методики преподавания английского языка в высших учебных заведениях	228
<i>Джамалдинова М.Т., Дүйсеева Л.А.</i> Шет тілін үйретудегі инновациялық технология түрлері: кейс стади технологиясы.....	234